«Қазақстандағы Халықаралық суды бағалау орталығының қызметін қамтамасыз ету»		
Бағдарлама: *254 «Су ресурстарын тиімді басқару»*	Жұмыстың толық құны:	133 878 051,78 тг.
Кіші бағдарлама: *105 «Трансшекаралық суды тиімді пайдалану және қорғау, су қарым-қатынастарын реттеу мәселелері жөнінде шектес мемлекеттермен ынтымақтастықты ұйымдастыру»*	2022 жылға арналған қаржыландыру лимиті:	49 893 000, 00 тг.
Ерекшелігі: *156 «Консалтингтік қызметтерге ақы төлеу»*	Орындалған жұмыстың, оның ішінде осы акт бойынша жұмыстардың құны:	
Мердігер: *«ХАҚҚ ҚР-дағы АД» ҚҚ*	а) жылдың басынан:	10 139 000,00 тг
	б) есептік ай бойынша:	3 338 000,00 тг

АННОТАЦИЯЛЫҚ ЕСЕП

2022 жылғы наурыз айына

Мемлекеттік сатып алу туралы 2020 жылғы 25 маусымдағы № 83 шартқа 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 3 қосымша келісім бойынша

Әзірлеуші:
«Халықаралық Аралды құтқару қорының
Қазақстан Республикасындағы
Атқарушы дирекциясы» Қоғамдық қоры
Директоры Б.К.Бекнияз
_____

2022 жылғы 24 наурыз

Алматы қ.

«Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы» Қоғамдық қорының «Халықаралық суды бағалау орталығы» филиалының аннотациялық есебі

<u>2022 жылғы наурыз айына</u>

Халықаралық суды бағалау орталығының (*бұдан әрі – ХСБО*) 2022 жылға арналған келісілген Жұмыс жоспарына сәйкес есепті айда мынадай іс-шаралар орындалды.

1. «Төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу» жобасын орындау

Есепті кезеңде «Төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу» жобасының сарапшылар тобының қатысуымен (*бұдан әрі – жоба*) жинақталған талдамалық есептің бірінші нұсқасы дайындалды. Осы жұмысты орындау аясында ХСБО жобаның сарапшылары мен кеңесшілерінің бірнеше аймақтық кездесулерін ұйымдастырды.

Осылайша, 2022 жылғы 11 наурызда жиынтық есептің бірінші нұсқасын талқылау бойынша жобаның жетекші сарапшысымен және халықаралық консультантымен жұмыс кездесуі өтті. Кездесу қорытындысы бойынша жиынтық есептің құрылымы келісілді, қоса беріліп отыр. *1-қосымша – Жоба бойынша жиынтық есептің құрылымы.*

2022 жылғы 18 наурызда онлайн режимінде жоба сарапшыларының техникалық кеңесі өтті. Кеңеске Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанның ұлттық сарапшылары, Өнеркәсіптік авариялар жөніндегі БҰҰ ЕЭК Конвенциясы Хатшылығының және Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның (*бұдан әрі – Трансшекаралық су жөніндегі конвенция*) өкілдері, сондай-ақ халықаралық консультанттар қатысты. Кеңестің күн тәртібі қоса беріледі. *2-қосымша - 2022 жылғы 18 наурыздағы сарапшылардың жұмыс кеңесінің күн тәртібі*. Кеңесте сарапшылар жиынтық есептің бірінші нұсқасының тұсаукесерін тыңдады, есептің құрылымын талқылады және Сырдария өзенінің ластану көздерін картаға түсіру үшін қажетті қосымша ақпарат беру мерзімдерін келісті. Жиынтық есептің презентациясы қоса беріледі. *3-қосымша - Жобаның жиынтық есебінің презентациясы*.

Қазіргі уақытта жоба сарапшылары Сырдария өзенінің авариялық ластануының алдын алу және оған ден қою шаралары бойынша қорытындылар мен ұсынымдар әзірлеуде. Жоба сарапшыларының келесі кеңесі 2022 жылдың сәуір айында өтеді деп жоспарланған.

2. Трансшекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияның хатшылығымен өзара іс-қимыл жасау, жұмыс органдарының (Бюроның, Су ресурстарын ықпалдастыра басқару жөніндегі жұмыс тобының, Мониторинг және бағалау жөніндегі жұмыс тобының, Су және климат жөніндегі нысаналы топтың, Судың, энергия мен азық-түліктің өзара байланысы жөніндегі нысаналы топтың) отырыстарына және Конвенцияны жүзеге асыру шеңберінде ұйымдастырылатын басқа да іс-шараларға қатысу

2022 жылғы 1 наурызда Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция Бюросының телеконференциясы өтті. Бюро мүшелері күн тәртібі бойынша төрт негізгі мәселені талқылады: прогреске шолу және 2022 жылы конвенцияға қосылуды қолдау үшін жоспарланған іс-шаралар, Конвенцияның 30 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шараға дайындық, су ресурстары саласындағы жаһандық іс-шараларға қатысу, оның ішінде 2023 жылы БҰҰ-ның Тоғызыншы Дүниежүзілік су форумы мен Су ресурстары жөніндегі конференциясы, сондай-ақ 2022 жылға жоспарланған Трансшекаралық сулар бойынша конвенция шеңберіндегі іс-шараларды дайындау. ХСБО Конвенция бюросы төрағасының орынбасары А.Р. Ширановқа анықтамалық ақпарат дайындады, *4-қосымша –- 2022 жылғы 1 наурыздағы Бюроның телеконференциясына анықтамалық ақпарат.*

2022 жылғы 3 наурызда ХСБО Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция Хатшылығының қызметкерлерімен Қазақстан өкілінің Тоғызыншы Дүниежүзілік су форумына Фин павильонына қатысуы мәселесі бойынша онлайн режимінде жұмыс кеңесін өткізді. Осы іс-шара шеңберінде Хатшылық Финляндия Үкіметімен ынтымақтастықта «Су дипломатиясының көмегімен трансшекаралық сулар бойынша ынтымақтастықты жеделдету: перспективалар мен құралдар» атты жарыспа сессия өткізуді ұйымдастырды, онда Орталық Азияның су-энергетикалық ресурстарын пайдалану мәселесі бойынша Қазақстан өкілінің сөз сөйлеуі жоспарланған болатын. Кездесу қорытындысы бойынша ХСБО осы сессия жұмысына ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің өкілін тартуға жәрдемдесетін уағдаластыққа қол жеткізді.

2022 жылғы 4 наурызда ХСБО Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция Хатшылығының қызметкерлерімен БҰҰ ЕЭК Хатшылығы өкілінің «Қазақстанның су саласын дамыту перспективалары» парламенттік тыңдауына қатысуы туралы мәселені талқылау бойынша онлайн режимінде жұмыс консультациясын өткізді. Атап айтқанда, сарапшының парламенттік тыңдауларда әлемдік деңгейдегі орнықты даму мақсаттарының жетістіктері туралы презентациямен сөз сөйлеу мүмкіндігі талқыланды. Кездесу қорытындысы бойынша Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция хатшылығына сұрау салудың егжей-тегжейлі хатын жіберу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

2022 жылғы 18 наурызда ХСБО Қазақстандағы Су саясаты жөніндегі ұлттық диалогтың Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің Жетінші отырысын өткізу бойынша Трансшекаралық сулар жөніндегі конвенция Хатшылығының қызметкерлерімен онлайн режимінде жұмыс консультациясын өткізді.

Нәтижесінде оны 2022 жылдың маусымына дейін өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

3. Қазақстанда Су саясаты бойынша ұлттық диалогты өткізуге қатысу (*ССҰД Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің отырысын ұйымдастыру, 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарын орындау*)

Қазақстан Республикасының Су саясаты туралы ұлттық диалог жөніндегі жұмыс тобының (*бұдан әрі - ССҰД*) 2021 жылғы 25 қарашадағы ұсынысына сәйкес, ССҰД Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің кезекті Жетінші отырысын 2022 жылғы 1-тоқсанда өткізу ұсынылды. Сондай-ақ, ССҰД Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің жетінші отырысының күн тәртібіне Қазақстанның гидротехникалық құрылыстарын қауіпсіз басқару, Қазақстанның су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы жаһандық іс-шараларға қатысуын дайындау, Қазақстанның суармалы алқаптарында су үнемдеу, Су және денсаулық мәселелері жөніндегі хаттама, төтенше жағдайларда Сырдария өзенінің ластануының алдын алу, ХАҚҚ органдарының ұйымдастырушылық құрылымы мен шарттық-құқықтық базасын жетілдіру және Қазақстанның су саласын дамыту туралы мәселелерді енгізу ұсынылды. Осыған байланысты, ХСБО күн тәртібінің жобасын, сондай-ақ Қазақстанда ССҰД жетінші отырысын өткізу жөніндегі ұсынысты дайындады. Ұсыныстар пакеті ҚР ЭГТРМ Трансшекаралық өзендер департаментінің қарауына енгізілді. *5-қосымша - Қазақстанда ССҰД жетінші отырысын өткізу жөніндегі ұсыныс*.

4. Қазақстанның Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Венгрияның Ішкі істер министрлігі, Словакияның Қоршаған орта министрлігі арасындағы су ресурстарын басқару саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумдардың орындалуына жәрдем көрсету

2022 жылғы 1 наурызда ХСБО-ның су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы словак кәсіпорындарының «Vodohospodarska Vystavba» және «MicroStep» сарапшыларымен, сондай-ақ ХСБО штаттан тыс кеңесшісі Борис Минарикпен онлайн режимінде жұмыс кездесуі өтті. Кездесудің мақсаты экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Словакия үкіметаралық комиссиясының (*бұдан әрі-ҮАК*) 9-шы отырысына дайындық болды. Тараптар словакиялық әріптестерінің ХСБО қатысуымен трансшекаралық сулар жөніндегі Конвенция шеңберіндегі ынтымақтастық жөніндегі ұсыныстарын, атап айтқанда, бірлескен тренингтер, оның ішінде Братислава қаласында гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі жөніндегі 2-ші тренинг ұйымдастыруды талқылады.

Қазақстан-Словакия ҮАК 9-шы отырысы 2022 жылғы 10 наурызда Словакияның Братислава қаласында өтті. Отырыс шеңберінде ҚР ЭГТРМ және Словак кәсіпорындары өкілдерінің қатысуымен су ресурстары саласындағы ынтымақтастық бойынша кездесулер мен талқылаулар өтті. Қорытындысы бойынша ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Словакияның Қоршаған орта министрлігі арасындағы су

ресурстарын басқару саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум шеңберінде ынтымақтастықты іске асыру бойынша ұсыныстар қаралды. ХСБО ұсынылған шешімдерді техникалық талқылауға қатысуға ниетті.

5. Қазақстанда, Орталық Азия елдерінде және әлемнің басқа да өңірлерінде (Дүниежүзілік су форумы, Дүниежүзілік су апталығы және басқалар)ұйымдастырылатын трансшекаралық суларды қорғау және пайдалану мәселелері жөніндегі іс-шараларға қатысу

2022 жылғы 14 наурызда Арал теңізімен байланысты ағынсыз (ішкі) су бассейндерінде климаттың өзгеруіне және апаттарға төзімділікті қамтамасыз ету үшін ғылым мен саясаттың өзара іс-қимылы саласындағы әлеуетті дамыту бойынша семинар өтті. Ол ЭСКАТО-ның Орталық Азиядағы дүлей зілзалалардың тәуекелдерін төмендету және жұмсарту үшін өңірлік ынтымақтастық тетігін әзірлеу бойынша талдамалық зерттеу шеңберінде ұйымдастырылды. Семинарға Орталық Азияның бес елінен төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға, климаттың өзгеруіне бейімделуге жауапты мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Семинар Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда, Түрікменстанда, Өзбекстанда, сондай-ақ көрші елдерде климаттың өзгеру салдарын қоса алғанда, сумен байланысты апаттар қаупінің факторларын түсіну үшін негізгі мүдделі тараптардың әлеуетін арттыруға бағытталған. Сондай-ақ, Арал теңізі бассейніндегі ішкі су айдындарында зілзала қаупін азайту жөніндегі субөңірлік стратегияның жалпы ережелері талқыланды және климаттың өзгеруіне бейімделудің ұлттық жоспарларымен және орнықты даму мақсаттарын және зілзала қаупін азайту жөніндегі Сендай негіздемелік бағдарламасын қоса алғанда, зілзала қаупін азайту жөніндегі басқа да стратегиялық құжаттармен үйлестірілген іс-қимыл жоспары ұсынылды. Семинар туралы толық ақпаратты қосымшадағы материалдарға қоса береміз. *6-қосымша – Арал теңізі бассейнінде климаттың өзгеруіне төзімділік үшін әлеуетті дамыту жөніндегі семинар туралы ақпарат.*

Семинарға ХСБО атынан онлайн режимінде бас сарапшы Жакен Кульпаш және қоғаммен байланыс және әкімшілік ету жөніндегі бас маман Алимусина Арайлым қатысты. Семинарда алынған ақпарат, атап айтқанда, Сырдария өзені бассейнінің жағалаудағы төрт елінен ұлттық сарапшылар тобын тарта отырып, ХСБО қатысуымен БҰҰ ЕЭК орындайтын «Төтенше жағдайлар кезінде Сырдария өзенінің ластануының алдын алу және оған ден қою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеу» жобасында қолданылатын болады.

6. Басқа да іс-шаралар

ХСБО Тоғызыншы Дүниежүзілік су форумына (Дакар қ., Сенегал, 2022 ж. 21-26 наурыз) қатысу үшін Қазақстан делегаттарын даярлау бойынша жәрдем көрсетті. Атап айтқанда, ХСБО Тоғызыншы Дүниежүзілік су форумына Орталық Азияның позициялық құжаты бойынша ақпараттық-талдау материалдарын дайындауға қатысты. Материалдар ҚР ЭГТРМ ТӨД электрондық поштасына жіберілді, қоса беріліп отыр. *7-қосымша - 9-шы*

Дүниежүзілік су форумына позициялық құжат бойынша анықтамалық ақпарат.

ХСБО «Қазақстанның су саласын дамыту перспективалары» тақырыбында парламенттік тыңдауға дайындық бойынша арнайы уақытша комиссияның отырысына материалдар дайындауға қатысты. Материалдар ҚР ЭГТРМ СРК электрондық поштасына жіберілді, қоса беріліп отыр. *8-қосымша - Арнайы уақытша комиссия отырысына материалдар*.

Сонымен қатар, ХСБО ТДМ және сумен байланысты климаттың өзгеруі туралы анықтамалық ақпаратты дайындау бойынша жәрдем көрсетті. Ақпарат ҚР ЭГТРМ СРК электрондық поштасына жіберілді, қоса беріліп отыр. *9-қосымша - ТДМ және сумен байланысты климаттың өзгеруі жөніндегі анықтамалық ақпарат.*

7. Қаржыландыру.

Наурыз айында сұралған жалпы қаржыландыру сомасы **3 338 000** теңге, оның ішінде:

- есептелген еңбекақы төлемі – 2 205 500 теңге
(еңбекақы – *1 990 000*, әлеуметтік салық – *130 000*, әлеуметтік аударымдар – *43 500*, медициналық сақтандыруға аударымдар – *42 000*);
- кеңсені жалға алу – 723 800 теңге;
- қызметтерді жеткізушілерге үшін ақы төлеу – 108 700 теңге;
- үстеме шығыстар – 300 000 теңге – Қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 2020 жылғы 25 маусымдағы № 83 шарт бойынша қызметтерді басқаруға және ұйымдастыруға жұмсалған «ХАҚҚ ҚР-дағы Атқарушы дирекциясы» ҚҚ шығындары.

Қосымшалар:

1) 1-қосымша – Жоба бойынша жиынтық есептің құрылымы, 1 б.

2) 2-қосымша – 2022 жылғы 18 наурыздағы сарапшылардың жұмыс кеңесінің күн тәртібі, 1 б.

3) 3- қосымша – Жобаның жиынтық есебінің презентациясы, 6 б.

4) 4-қосымша – 2022 жылғы 1 наурыздағы Бюроның телеконференциясына анықтамалық ақпарат, 3 б.

5) 5-қосымша – Қазақстанда ССҰД жетінші отырысын өткізу жөніндегі ұсыныс, 4 б.

6) 6-қосымша – Арал теңізі бассейнінде климаттың өзгеруіне төзімділік үшін әлеуетті дамыту жөніндегі семинар туралы ақпарат, 1 б.

7) 7-қосымша – 9-шы Дүниежүзілік су форумына позициялық құжат бойынша анықтамалық ақпарат, 11 б.

8) 8-қосымша –Арнайы уақытша комиссия отырысына материалдар, 10 б.

9) 9-қосымша – ТДМ және сумен байланысты климаттың өзгеруі жөніндегі анықтамалық ақпарат, 13 б.

Директор **Б. Бекнияз**